

## ШАҒАТАЙ ТІЛІ ЛҰҒАТТАРЫ

*Мақсат К., Түймебаев Ж.Қ.<sup>2</sup>*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

*Алматы, Қазақстан*

**Аңдатпа.** Бұл мақалада ортағасырлық түркі әдеби тілі бойынша сөздіктері сипатталып, зерттеушілері мен сөздік нұсқалары қарастырылып, хронологиялық тәртіппен ұсынылды. Мақаламыз ортағасырлық түркі әдеби тілі сөздіктерінің жалпы сипаттамасы және сөздіктерді зерттеушілер сынды негізгі бағыттармен қарастырылған.

Мақаланы жазу барысында ортағасырлық түркі әдеби тіліндегі сөздіктері синтез, жалпылау, салыстыру және жинақтау яғни жалпы ғылыми әдістер арқылы зерттелді. Мақаланың негізгі бөлімінде ортағасырлық түркі әдеби тілінің сөздіктеріне байланысты қызығушылық XIX ғасырдан бастау алатыны көрсетіліп, сөздіктерді зерттеулер түркі ғалымдары, орыс ғалымдары мен еуропалық ғалымдар тарапынан жасалынғандығы талданады.

**Түйін сөздер:** Ортағасыр түркі әдеби тілі, лұғаттар, текстология, интерпретация.

**Кіріспе.** Ескі өзбек тілі немесе шағатай деп аталатын бұл тіл төңірегінде сөз қозғау үшін міндетті түрде текстология туралы түсінік болуы шарт. Текстология XX ғасырда қалыптасқан жас ғылым ретінде қарастырылады. Текстология библиографиядан 1917 жылдан кейін бөлініп шыққан дербес ғылым деп танылды. Текстология термині жазба мәтіндердің, салыстырмалы өзіндік ерекшелігін анықтауға деген ұмтылысты білдіру үшін қолданылады.

Сөздіктер – мәтін, мазмұнының, негізгі ойын анықтау мен дұрыс интерпретациялаудың кілті. Түркітнуда сөздік құрастыру дәстүрі ортағасырлардың өзінде қалыптасып қойға. Махмұт Қашқариды айтпағанда,

ортағасырлық түркі әдеби тілі бойынша іргелі сөздіктер жазылды. Оның кейбірі ғылыми тұрғыдан сипатталып, бізге дейін жетті.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Мақаланы жазу барысында ортағасырлық түркі әдеби тіліндегі сөздіктері синтез, жалпылау, салыстыру және жинақтау жалпы ғылыми әдістер арқылы зерттелді. Қазіргі күнде ортағасырлық еңбектерді зерттеу әдіс-тәсілдері түрленіп, қарқынды дамып келе жатыр.

**Нәтижелер мен талқылау.** Ортағасырлық түркі әдеби тілі зерттеулерінің негізгі салаларының бірі - ортағасырлық түркі әдеби тілінің сөздіктері болып табылады. Ортағасырлық түркі әдеби тілінің сөздіктеріне қызығушылық ХІХ ғасырдан бастау алады. Зерттеулер түркі ғалымдары, орыс ғалымдары мен еуропалық ғалымдар тарапынан жасалынған. Бұл зерттеулерді қарастыра отырып, сөздіктердің жарық көрген жылдарына қарай төмендегідей кезеңдерге бөліп қарастырдық:

1. ХVІ - ХVІІІ ғасыр сөздіктер;
2. ХІХ - ХХ ғасыр сөздіктер;

ХVІ ғасырдың сөздіктер қатарын ең көнесі - 1544 жылғы «Абушқа» сөздігі. Келесі кезекте «Қисман Лутфи», Мир Қайдар шығармаларындағы ортағасырлық түркі әдеби тілі сөздердіне парсыша анықтама берген «Бадоибул-луғат» сөздігі. Надир Әлидің 1629-1642 жылдары Үндістанда жарық көрген «Чағатай луғати», Мұхаммед Риза ән-Насари әш-Шусидің 1666-1694 жылдары басылған «Китаби түрки», Абдул-Джамал Насари, Файзола Ханның 1658-1707 жылдары жарық көрген «Файзолахан луғати», Мухаммед Якуб Ченгинің 1658-1707 жылдары арасында басылған «Китаб-и-Зебан-и-Түрки» сынды сөздіктерді атасақ болады. ХVІІІ ғасырда жарық көрген іргелі сөздіктің бір - Бухаридің «Елфати Селииефи Бейани Луғати-Түрки». Сөздік Қожа Шебиби-Бухаридің авторлығымен шамамен 1719-1743 жылдар арасында Бұхарада жазылған. Сөздік қоры жағынан бай, жүйелі сөздіктердің бірі - Мирза Мұхаммед Мехди Хан ибн Мұхаммед Насири Естрабадидің 1758-1760 жылдар арасында жазылған «Сенглаһ» сөздігі.

Ортағасырлық түркі әдеби тілінің сөздіктері әдетте қос, үш тілді болып келеді.

Өзіне дейінгі сөздіктерді негіз ете отырып, жан-жақты байи түскен XIX ғасырдағы ортағасырлық түркі әдеби тілі сөздіктерін екінші толқын ретінде қарастырсақ болады. Бұл кезеңде жарық көрген сөздіктер легін Махмудхан ибн Қожа Насириддин Бухари тарапынан 1824 жылы Үндістанда жарық көрген «Қожа Амир Хан Китабу Лисан» (Тағлифул Амир) сөздігі мен Фаизлулла Ханның лексика және граматикаға негізге алына жазылған, 1825 жылы Калькутта шыққан «Луғути Турки» сөздігімен бастауды жөн көрдік. Келесі сөздік 1845-1846 жылдары Қоханда «Лайла ва Мажун», «Садди Ескендрий» еңбектерінің сөздері басты назарға алына отырып жазылған құнды еңбектердің бірі «Хамса бо халли луғат» атты сөздік. Ортағасырлық түркі әдеби тілі бойынша сөздіктер қатарын 1862 жылы Фетхали Качардың тарапынан жазылған «Фетхали Качари луғат» сөздігімен түркі сөздерінің анықтамасының берілуімен ерекшеленетін 1864-1865 жылдары Хивада көшірілген «Халли луғати чағатой» атты сөздігі толықтырады. Келесі кезекте 1870 жылы Парижде жарыққа шыққан Паве де Куртейдің сөздік түсіндірмесі француз тілінде берілген «Шарқий туркий луғат» атты сөздігін айтсақ болады. XIX ғасырдың екінші жартысының тағы бір туындысы Шейх Мухаммад Салих тарапынан жазылып Насируддин Шахқа ұсынылған «Ел Тамга-и Насири» сөздігі. «Луғати чигатой ва турки-осмоний» сөздігі Шайх Сулаймон Бухари тарапынан 1882 жылы Стамбулда жарық көрді. Аталмыш ғасырдың құнды еңбектерінің бірі ретінде 1888-1890 жылдары Бухарада көшірілген «Халли луғати чағатой Хамсая Навоий» сөздігін атасақ болады. Кезекті 1897-1898 жылдары Стамбулда басылған Мехмед Садықтың «Үсс-и Лисан-и Түрки» сөздігінде XIX ғасырдағы ортағасыр түркі әдеби тілі сөздіктерінің бірегейі болып табылады. Аталмыш сөздікті 1902 жылы Мартин Хартман неміс тіліне аударды. XX ғасырдағы көлемді сөздік ретінде Ташкенттен 1983 жылы Фазлов редакторлығымен жарық көрген «Алишер Навоий асарлари тилининг изоҳли луғатиатты» сөздігінде атаса болады.

Ортағасырлық түркі әдеби тілі сөздіктерінің ең көнесі, «Абушка». Сөздік «қарт әйел, кемпір» деген мағына беретін «Абушка» атты бастапқы сөзімен басталғандықтан оған «Абушка сөздігі» деген есім беріледі. Сөздіктің авторы беймәлім, туынды XVI ғасырдың ортасында Османлы тілінде жазылған ортағасырлық түркі әдеби тілі - османлы тілі сөздігі. Ортағасырлық түркі әдеби тілінің тарихи маңызы зор бұл сөздік алғаш рет 1862 жылы Пешт қаласында венгр тілінде, кейін В. Вельямин-Зернов тарапынан француз тіліне аударылып, Петербург қаласында 1869 жылы жарияланады (Ерен, 1950: 145). Түркиялық М. Гүзелдирдің зерттеулері бойынша бүгінде бұл сөздіктің жалпы саны қырық нұсқасы. Оның он жетісі Еуропада, қалған жиырма үші Түркияда сақталған. Сөздіктің негізгі ерекшелігі ретінде аздаған айырмашылығына қарамастан сөздікте 3027 сөз бірліктерінің түсіндірмелері берілгенін нақты айтуға болады.

**Қорытынды.** Зерттеу нәтижесінде сөздіктердің ең ескісі және өзінен кейінгі сөздіктерге негіз болған «Абушка» сөздігі екеніне көз жеткіздік. Біз қарастырған сөздіктердің басым көпшілігі XIX ғасырда құрастырылған. Сөздіктердегі сөздер әр түрлі принцип негізде берілген. Атап айтқанда, араб графикасымен алфавиттік реттілікпен берілген сөздіктер: «Абушка», «Файзолахан луғати». Лексика және грамматика негізге алына жазылған сөздіктер: «Луғути Турки». Әртүрлі түркі диалектілері салыстырылған салыстрмалы сөздіктер: «Китаби түрки Абдул-Джамил Насари», «Ферхенги Түрки». Түсіндірме сөздіктер: «Бедайи ул-Луғат», «Шарқий туркий луғат», «Халли луғати чағатой». Сөз таптарына негізделген сөздіктер: «Файзолахан луғати», «Китаб-и-Зебан-и-Түрки». Сонедай ақ, «Файзолахан луғати», «Луғати чиғатой ва турки-осмоний», «Китаб-и-Зебан-и-Түрки», «Сенглаһ», «Үсс-и Лисан-и Түрки» сынды сөздіктерде байқалған тағы бір ерекшелік сөздіктер бір ғана емес бірнеше принцип бойынша негізделген. Зерттеу нәтижемізде сөздіктердің зерттелуі XX ғасырға тиесілі әрі зерттеушілердің басым бөлігі батыс ғалымдары екені байқалды.

Ортағасырлық түркі әдеби тіліндегі сөздіктер мен қолжазбаларды зерттеуде туындайтын негізгі мәселелер төмендегідей:

- 1) Ортағасырлық түркі әдеби тілінің қазіргі түркі тілдерімен салыстырмалы қазақ тілді сөздігінің болмауы;
- 2) Қазақстан бойынша ортағасырлық түркі әдеби тілінің жазба ескерткіштерін жинайтын ортақ электронды базасының болмауы;
- 3) Зерттеу институттарында жазба ескерткіштерінің жүйелі жинаудың қолға алынбауы;
- 4) Түркітанушылар үшін жоғарғы оқу орындарында ортағасырлық түркі әдеби тілін зерттеу негізгі пән ретінде оқытылмауы;
- 5) Ортағасырлық түркі әдеби тілін зерттеу әдіс-тәсілдерін жүйелеу мен жас түркітанушыларға практикалық кеңістіктің болмауы;
- 6) Ортағасырлық түркі әдеби тілін білетін ғылыми мамандардың болмауы.

Бұл мәселелер алдағы уақытта өз шешімін табады деген сенімдеміз. Қортындылай келе, дәл қазіргі уақытта елімізде табылған ортағасырлық түркі әдеби тілінің сөздіктері мен қолжазбаларын аудару жұмыстары өзекті. Қазақ халқы үшін құнды көне жазбаларды оқуды жеңілдету үшін транскрипциялау, тілдік ерекшеліктерін анықтау, аудару, оларға лингва-текстологиялық талдау жүргізу, сондай-ақ, ортағасырлық түркі әдеби тілі мен қазіргі түркі тілдерінің сөздіктерін құрастыру сияқты жұмстар қазіргі түркітану ғылымының басты міндеті болып саналады.

#### **Әдебиеттер:**

Eren H. (1950) Çağatay Lüगतleri Hakkında Notlar. AÜDTCF Dergisi, 8 cilt. Sayı 1-2 Ankara,.145-163 sayfa.

Инан, Әбділқадыр, «Чағатай жазба тілінің қалыптасу тарихы туралы ойлар», TDAY-Belleten, (1946 жылғы наурыз) 1946, Сериялар: III, P.6–7, 531–543

Әлішер Науаи. Мухәкәмәтул-луғәтәйн. (Дайындаған Т. Қыдыр). – Нұр-Сұлтан: Халықаралық Түркі академиясы, 2021. – 208 б.

Благова Г.Ф. О соотношениях прозаического и поэтического вариантов среднеазиатско-тюркского литературнописьменного языка XV – начала XVI в. (к постановке вопроса) // TURGOLOGIKA. – Ленинград: Наука, 1976. – 364 с.

Vambery H. Cagataische Sprachstudien. Leipzig, 1867.